ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# «Тәуелсіздік таңы» атты эссе байқауы



## *БҰЛ ЕРЕЖЕ «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ» АТТЫ ЭССЕ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІН АНЫҚТАЙДЫ.*

Байқауды ұйымдастыру жұмысын «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасы жүргізеді. Кафедра тарапынан жауапты оқытушылар: аға оқытушы, М.Д.Мурзагулова, Ж.М.Молбасынова.

***Байқаудың мақсаты***

Студенттер бойында патриоттық сезімді ояту, егеменді елінің келешегі болашақ мамандар қолында екендігін сезіндіру

## БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

- Байқау 08.11.21 - 15.11.2021ж. уақыт аралығында «Тәуелсіздік таңы» тақырыбында (тәуелсіздік, ұлттық салт-дәстүр, мемлекеттік тіл, тәлім-тәрбие, адамгершілік пен патриотизм, ел мен жерді қастерлеу, рухани құндылықтар туралы) эссе жазудан байқау офлайн форматында өтеді. Байқауға университеттің күндізгі бөлімінде оқитын 3- курс білімгерлері қатысады.



***Төменде эссе талабы көрсетілген:***

Эссе – ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын және ішкі ойын білдіретін прозалық мәтін.

Эссе жазуда ескеріледі:

-тақырыптың ашылуы;

-автордың жеке көзқарасы мен ұстанымы;

-келтірілген аргументтері;

-теориялық негіздемелері;

-ойын жеткізуі;

-терминдерді дұрыс қолдануы;

-цитаталарды ұтымды пайдалануы;

-салыстыру мен қорытындылау әдістері;

-сауатты жазуы (пунктуация, орфография).

Эссенің көлемі: ең кемі 1,5 ең көбі 3 бет, ақ парақта, жол аралығы 1,15 шрифт Times New Roman 14 – шрифтымен жазылуы қажет және эссе авторының аты-жөні, тегі, ұялы телефон номері парақтың оң жақ жоғары бұрышында көрсетілуі тиіс. Тапсырма қазақ тілінде орындалады.

Эсселер 127 кабинетке өткізіледі. Электрондық почта

zhuma.maratovna@mail.ru

Байланыс тел: 87077447159